

**Ақмола облысы білім басқарамасы  
Қаражар ауылы  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
«Өркен-А» балабақшасы**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
жалпы білім беретін оқу бағдарламасын іске асыратын  
ЖШС «Өркен-А» балабақшасының  
өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының  
20222025 жылдар аралығындағы талдауы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымшасы бойынша жасалынды.

**I бөлім. Қаражар ауылы «Өркен-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
«Өркен-А» балабақшасы туралы жалпы мәлімет**

**«Өркен-А» ЖШС** (ары қарай балабақша) өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығының қосымшасына сәйкес әзірленді. Балабақшаның білі беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі бірыңғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етті.

<b>Атауы</b>	жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Өркен-А» балабақшасы
<b>Орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы)</b>	Қазақстан, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қаражар ауылы, Маргулан-33
<b>Байланыс деректері (телефон, электронды пошта)</b>	меңгеруші – 7759027751 saparova.asem@list.ru
<b>Байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)</b>	ЖШС «Өркен-А» балабақшасының меңгерушісі Тишбек Салтанат Болатқызы
<b>Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың не куәліктің көшірмесі қоса беріледі.</b>	Жарғы
<b>БСН</b>	141140011881, Целиноград ауданы, Қаражар ауылы 14.11.2014 жыл
<b>Рұқсат беру құжаттары (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы</b>	Қызметтің мәліметтерін бастау туралы № KZ42RVK 00011759 хабарлама

хабарламаны жіберу туралы талон)	
Жобалық қуаттылығы	45 орындық
Оқыту тілі	Қазақ тілі
Түрі	Мемлекеттік

ЖШС «Өркен-А» балабақшасы- аптасына 5 күн, сағат 7.30 – 18.00-ге дейін жұмыс істейді.

Барлығы 2 топ

«Сұңғар» аралас обы;

«Қарлығаш» аралас тобы.

2022-2023 оқу жылы «Сұңғар» аралас кіші, ортаңғы тобы болып жасақталынған.

Балабақша мекемесінде: меңгеруші, музыка жетекшісі, медбике қызметкерлер жұмыс жасап, өздеріне тиесілі қызмет түрлерін көрсетеді. Балабақшада бала жасына сай жеке арнайы жабдықталған ойын бөлмесі, ұйықтайтын бөлмесі, қабылдау бөлмесі, музыка залы, дене шынықтыру залы, асхана, кір жуу бөлмесі, қойма бөлмелері бар. Балалар 4 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген және бір мезгіл жемістер мен шырындар беріледі.

Тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша қызметтер көрсетеді:

- медициналық бөлме;
- меңгерушінің кабинеті;

## Балалардың контингенті ЖШС «Өркен-А» балабақшасы

№	Тобы	Топтардың атауы	Балалардың Саны
1	Кіші, ортаңғы топ	Қарлығаш	20
2	Ересек мектепалды тобы	Сұңқар	25
	<b>Барлығы</b>		<b>45</b>

### 2024-2025 оқу жылының әдістемелік тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін қалыптастырудағы патриоттық тәрбие»

**Мақсаты:** мектепке дейінгі жастағы тұлғаның жан-жақты дамуы, оның физикалық және эмоционалдық денсаулығын сақтау және нығайту үшін білім беру процесінің барлық қатысушылары -педагогтардың, ата-аналардың, балалардың тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету.

#### **МІНДЕТТЕРІ:**

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық зерттеушілік әрекетін, өзгеру қабілетін қалыптастыру, танымдық бастамасын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттыққа тәрбиелеу және ұлттық мәдениетінің дәстүрлерімен таныстыру жұмыстарын жалғастыру.
3. Мектепке дейінгі білім берудің ҚР мемлекеттік білім беру стандартын іске асыру жағдайындағы балалардың негізгі қызметі ретінде білім беру процесінде ойын әрекеттерін жетілдіру.
4. Балалармен жұмыс жасауда цифрлық технологияларды енгізу, қашықтықтан жұмыс жасауды ұйымдастыру.

<b>№</b>	<b>Педагогтар саны</b>	<b>4</b>	<b>100%</b>
<b>1</b>	<b>Меңгеруші</b>	<b>1</b>	
<b>2</b>	<b>Мамандар</b>	<b>1</b>	
<b>4</b>	<b>Тәрбиешілер</b>	<b>2</b>	<b>100%</b>
	Оның ішінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар	<b>2</b>	<b>66,6%</b>
	Қайта даярлау курсынан өткен	<b>1</b>	

<b>№</b>	<b>Санат атауы</b>	<b>Педагогтар саны</b>
1	Педагог сарапшы	0-0%
2	Педагог модератор	0-0%
3	жоғары санатты	0-0%
4	бірінші санатты	0-0 %
5	екінші санатты	0-0%
6	Санаты жоқ	0-100 %

<b>№</b>	<b>Білімі</b>	<b>Педагогтар саны</b>
1	Жоғарғы	2-60%
2	Арнаулы орта	1-40%

**II бөлім. МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындалуын қамтамасыз ететін оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар**

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуін балабақшаның 05.01.2025 ж. № 1 н/қ бұйрығы негізінде құрылған комиссия жүргізді. ( Комиссия құру туралы бұйрық қоса берілді)

Комиссия төрағасы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. Төраға Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелері арасында бөлді.

Бармай профилактикалық бақылаудың алдындағы балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде Бағалау өлшемшарттарының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бұрын өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейінгі бір ай бағаланатын кезең болып табылады:

- 1) 2024жыл қыркүйек-2025 жыл ақпан айлары;
- 2) 2023-2024 оқу жылы ;
- 3) 2022-2023 оқу жылы;

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес,бағаланатын кезеңге:

1. 2022-2023 оқу жылы;
2. 2023-2024 оқу жылы;
3. 2014-2025 оқу жылдары әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді (флешкада)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес білім беру қызметі жүзеге асырылды, соның ішінде бағаланатын кезеңге:

- күн тәртібі 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары (флешкада );
- ұйымдастырылған оқу қызметі 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары (флешкада );
- перспективалық жоспарлар 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары (флешкада );
- циклограммалар 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары (флешкада );

III бөлім. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

- жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериал қосымша флешкада берілді;
- жабдық пен жиһазға арналған жүккүжаттардың көшірмелері ұсынылды.

МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы

МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар 2 тәрбиеші бар, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша педагогтердің 100 % -ды құрайды.Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби құзіретті жүзеге асыратын педагогтердің сапалық құрам кестесі мен дипломдарының көшірмелері қоса берілді.

№	Педагогтар саны (пән мұғалімдерін қосқанда)	Меңгеруші, Тәрбиешілер	Оның ішінде		Үлесі	Баға
			«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі жоқ		
1	5	3	3	0	100%	zhaqsy

**Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындауға арналған жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеп, бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламасының көшірмесі қоса беріледі;  
Ерекше білім беру қажеттілігі жоқ.**

**Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері ) (ұсынылды).**

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері жасалынды. 2024-2025 оқу жылында жалпы балабақшада барлығы 2 топ , оның ішінде 2- топ аралас тобы болып жұмыс істейді. Ақмола.kz-тің АВТОМАТТАНДЫРЫҒАН СЕРВИСІ бойынша барлығы 50 балалардың тізімі жасақталды.

#### **Тамақтандыруды ұйымдастыру**

Балабақшада балалардың 4 рет тамақтандыру ұйымдастырылған. Ас мәзірі маусым бойынша 10 күнге әзірленеді.

Балалардың тамағына бракераж жүргізіледі, күн сайын үшінші тағамдарға С-витаминдеу жүргізіледі, бұл тағам темірдің толық сіңірілуіне ықпал етеді. Дайындалған тағамның сапасын және уақтылы таратылуын, дайын өнімнің шығуын бақылау, жеткізілетін тамақ өнімдеріне сертификаттарды тексеру жүзеге асырылады. Балалардың тамақтануын бақылауды барлық медицина қызметкері жүзеге асырады. Кәсіпорын бойынша 4 бракераждық комиссия өткізілді. Тағамдардың калориялығын тұрақты бақылау және есептеу жүргізіледі. Жинақтаушы ведомостың деректерін ескере отырып, үнемі мәзірге түзету жүргізіледі. Балаларда аллергияның болуына байланысты, кейбір тағамдарға тағамдарды ауыстыру бойынша бақылау жүргізіледі (аллергиялық балалардың тізімі бар). Барлық жеткізілетін тамақ өнімдері (барлығы 45 атау).

#### **Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы**

Балабақша орын-жайының санитарлық жағдайына және оларды кварцтауға, температура режимі мен балабақшаның күн тәртібін сақтауға үнемі бақылау жүргізіледі, балаларды педикулезге қарсы тексеру 7 күнде 1 рет өткізіледі. Педикулезбен анықталған балалар жоқ.

#### **Санитарлық-ағартушылық және ақпараттық қызмет**

Медициналық қызметкерлер үнемі ата-аналармен (85 әңгімелесу), балалармен және Кәсіпорын персоналымен (36 әңгімелесу) санитарлық-ағартушылық жұмыстар жүргізеді және Кәсіпорынға жаңадан қабылданған қызметкерлермен санитарлық-эпидемиологиялық режим бойынша нұсқаулық өткізеді. Дәрігер-педиатр мен орта медициналық персонал бірлесіп, тәрбиелеу-педагогикалық құраммен және балабақшаның басқа қызметкерлерімен 5 тренинг-семинар өткізді. Медицина қызметкерлері дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушымен бірлесіп «Денің сау болсын, балақай!» тақырыбында «Белсенді ата-аналар, дені сау бала» және «Сүйікті ата-аналар клубы» спартакиадаларын өткізді. Жазғы сауықтыру жұмысы бойынша әрбір топ үшін ұсыныстар енгізілген 7 папка жасалды (шынықтыру бойынша ригалық әдіс, құлақты өзі массаждау, жаппай жуыну, аяққа су құю, «денсаулық соқпағымен» жүру, көз гимнастикасы және Стрельникова бойынша тыныс алу гимнастикасы).

### **Оқу және материалдық құндылықтар.**

Ақмола облысы Целиноград ауданы білім бөлімі ЖШС «Өркен-А» балабақшасы 2016 жылдан бастап жұмыс жасайды.

Балабақшада әрбір жас тобында балалардың іс-әрекеттің барлық түрлерінде өз бетінше, белсенді және мақсатты дамуына жағдай жасалған.

Топтардағы объектілік-кеңістіктік дамушы орта ұтымды ойластырылған, ыңғайлы, балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жиһаздың, оқу, ойын және басқа да жабдықтардың орналасуы қауіпсіздік, санитарлық-гигиеналық нормаларға, балалардың физиологиясына, баланың психикалық жай-күйіне, оның дамуына толық сәйкес келеді және олардың дамуына оң әсер етеді. баланың өздігінен білім алу қабілетін дамыту, функционалдық дамуына жағдай жасалған.

Топты орталық аймақтарға бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықталған.

Балабақшаның кіші тобында: танымдық ойыншықтар, қарапайым басқатырғыштар, танымдық қызығушылықты белсендіретін жылжымалы ойыншықтар, ашық ойындарға арналған жабдықтар, ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

Ортаңғы топтарында топ бөлмелері танымдық қызығушылықтарын арттыру үшін оқу ойыншықтарымен, Лего, шығармашылық материалдармен, театрландырылған ойынға арналған киім ауыстыратын бөлмемен, қуыршақтармен, түрлі көліктермен, табиғи материалдармен жабдықталған.

Ересек және мектепалды даярлық топтарының ойын бөлмесі қарапайым математикалық түсініктерді және сауаттылық негіздерін меңгеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сандар, сөздер, кестелер, үлкен баспалы кітаптар, бояу кітаптары, сандар мен әріптермен басылған тақтадағы ойындар, ребустар, нұсқаулықтар, балалар энциклопедиялары, планетаның жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы



иллюстрациялық басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карталар, киім-кешек бұрышы, театрдың әртүрлі түрлері, табиғат бұрышы, танымдық зерттеу әрекеттеріне арналған құрылғылармен жабдықталған. Бөбекжайда: спорттық-музыкалық зал, психолог, логопед кабинеті, әдістемелік кабинеттер бар.

Спорт залы әртүрлі қозғалыстар мен спорттық ойындарды өткізуге арналған спорттық құрал-жабдықтармен және құрылғылармен жабдықталған.

Спортзалда: жұмсақ спорт модулі, қабырғалық арқандар, гимнастикалық орындықтар, әртүрлі көлемдегі шарлар, құрсаулар, лақтыратын сөмкелер, түрлі-түсті ленталар, жалаушалар, жұмсақ текшелер, доғалар, арқан, кегли, жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған текшелер. балалардың эмоционалды көңіл-күйін туғызуға арналған музыкалық орталық бар.

Музыкалық зал музыкалық аспаптармен және жабдықтармен, интерактивті жабдықтармен жабдықталған.

Балабақшаның әдістемелік кабинетінде Үлгілік оқу жоспары мен Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес әдістемелік, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс істеуге арналған кеңестік материалдар, көркем және энциклопедиялық әдебиеттер жинақталған. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейне және аудиоматериалдарды жинақтармен қамтылған.

Бөбекжайда тәрбиешілердің білім деңгейін дамыту, балалар тәрбиесінде іс – әрекет барысына қолдану мақсатында кітапхана бар.

Балабақша тиісті құрал-жабдықтар бар: әдістемелік материал, техникалық құрал-жабдықтар, жылжымалы жиһаз, жұмсақ диван, әр түрлі оқу ойыншықтары, әдебиеттер мен журналдар.

Жыл сайын балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңа құрал-жабдықтармен толығып келеді. Балабақша аумағында ағаштар мен бұталар отырғызылып, гүлзарлар өсірілген. Ойын алаңдарында беседкалар, әткеншектер, сырғанақтар, баспалдақтар, орындықтар және т.б.бар. 2023-2024 оқу жылына ойын алаңына 2 кіші топқа МАФА (шағын архитектуралық пішіндер) алу жоспарланған.

## **VI. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер туралы ақпарат (5-қосымша)**

6.1 Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Шағын орталығы электронды ресурстардың базасы бар:

- жұмыс үстелі компьютері - 1 дана.
- ноутбук - 1 дана.
- теледидар – 1 дана.
- магнитофон - 2 дана.
- сканер - 1 дана.
- принтер - 1 дана.

- проектор - 1 дана.

-интернет желесімен қамтылған.

Балабақшада әдістемелік кабинеттегі кітапхана қоры кезеңді түрде жаңа заттармен толықтырылып отырады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, балабақшада баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуына жағдай жасалған деген қорытынды жасауға болады. Пәндік-кеңістіктік дамушы ортаның мазмұны оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес келеді, кезеңді түрде өзгеріп отырады, түрленіп отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, үнемі байып отырады. (4-қосымша)

Балабақшаның аттестатталған кезеңдегі қызметінің зерттелген материалдары негізінде балабақша ұжымы әкімшілік-шаруашылық, оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелі, жүйелі, нәтижелі және нәтижелі жүргізетіні анықталды. іс-шаралар:

Зерттелген өзін-өзі бағалау материалдары негізінде балабақша ұжымы тиянақты әрі сапалы жұмыс жүргізді.

Педагог-мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Педагогтар «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алған. Педагогтардың 100%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өту арқылы кәсіби біліктілігін арттырған.

Балабақша тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалған. Пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұны тәрбиеленушілердің қызығушылықтарына сәйкес келеді, кезеңді түрде өзгеріп отырады, түрленіп отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, үнемі жасақталып отырады.

- Ұйымдастырылған іс-шараларда жас топтарының тәрбиешілері «Алматы кітап», «ШҰҒЫЛА КІТАП» оқу-әдістемелік кешендерін пайдаланады.

- Балалар топтарға «Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына» сәйкес қабылданады. Құжаттарды қабылдау және балаларды тұрақты немесе уақытша болу үшін мектепке дейінгі ұйымға қабылдау бар болған жағдайда жыл бойы жүзеге асырылады.

#### «Өркен-А» шағын орталығының қызметін бағалау

№	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
---	-----------------------	------------	---------

1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80 %	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	80%	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	5
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80%	3
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100 %	5

